

«First Heartland Jýsan Bank» АҚ-тың банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және қызмет көрсету туралы шартының үлгілік формасы

Бекітілді:

*«First Heartland Jýsan Bank» АҚ Басқармасымен
2017ж. «01» тамыздағы №105-17 хаттама*

«First Heartland Jýsan Bank» АҚ -пен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалар үшін

«First Heartland Jýsan Bank» АҚ

Директорлар кеңесімен

2017ж. «16» тамыздағы №16/08/17-01 шешім

Өзгертулер

Бекітілді:

«Jýsan Bank» АҚ Басқармасымен

2020ж. «29» қыркүйектегі №131-20 хаттама

*«Jýsan Bank» АҚ -пен ерекше қарым-қатынастағы
байланысы бар тұлғалар үшін*

«Jýsan Bank» АҚ

Директорлар кеңесімен

2020ж. «30» қазандағы №30/10/20-01 шешім

Бекітілді:

«Jusan Bank» АҚ Басқармасымен

2021ж. «10» маусымдағы №73-21 хаттама

*«Jýsan Bank» АҚ -пен ерекше қарым-қатынастағы
байланысы бар тұлғалар үшін*

«Jusan Bank» АҚ

Директорлар кеңесімен

2021 ж. «16» маусымдағы № 16/06/21-01 шешім



**«First Heartland Jýsan Bank» АҚ-тың банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және қызмет көрсету туралы
№ ___ ШАРТЫ**

1.1. Осы «First Heartland Jýsan Bank» АҚ-тың банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және қызмет көрсету туралы шарты (бұдан әрі – Шарт) «First Heartland Jýsan Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және қызмет көрсету бойынша қызметтердің шарттарын және тәртібін

айқындайды, Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ Банк пен жеке тұлға арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

Осы Шарт ҚР Азаматтық кодексі 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, жеке тұлға оның шарттарын осы Шартқа Қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі –Өтініш) негізінде осы Шартқа тұтас қосылу арқылы қабылдайды. Банк және жеке тұлға туралы мәліметтер Өтініште көрсетіледі. Бұндай кезде Қосылу туралы өтініш және осы Шарт біртұтас құжат болып табылады. Өтінішке қол қою күні осы Шартты жасасу күні болып табылады.

1.2. Клиенттің (оның Өкілінің) Өтінішке қол қоюы төмендегілерді куәландырады:

- Клиент осы Шарттың талаптарын толық көлемде, қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын;

- осы Шартта Клиент үшін Клиент өзінің жете түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауыртпалықты талаптардың жоқ екенін;

- Банкте Клиенттің қолы қойылған Өтініш болатын жағдайда, Клиент осы Шартты ол оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде осы Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

- Клиент банктік шот ашу, қызмет көрсету, төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету бойынша барлық шарттармен келіседі;

- осы Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;

- Клиент осы Шартты жасасу, банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету үшін қажетті барлық процедураларды орындады;

- осы Шартты жасасу және оның талаптарын орындау, соның ішінде осы Шарт бойынша банктік шот ашу, қызмет көрсету, төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Клиентке қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген нормасын бұзбайды және бұзылуына әкеп соқтырмайды.

1.3. Клиент Банкте Клиент қолы қойған Өтініштің болуы Тараптардың осы Шартты жасасу фактісінің және Тараптар үшін төлем карточкасы бойынша оның талаптары (соның ішінде Банк төлем карточкасын қайта шығарған жағдайда) жарамдылығының дәлелі болып табылатынымен сөзсіз және қайтарымыз келіседі.

1.4. Клиенттің Өтініш беруі Банк үшін төлем карточкасын шығару бойынша міндеттердің туындауын білдірмейді. Банк төлем карточкасын шығару туралы шешімді қабылдағаннан кейін өтініш қабылданған болып саналады. Төлем карточкасын шығару туралы шешім ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің өз қалауынша дербес қабылданады. Бұндай кезде Банк ҚР заңнамасында қарастырылған негіздерде Клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тартуға құқылы.

1.5. Өтініштің мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Клиенттен Банк көрсететін банктік шот ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету бойынша қызметтер шеңберінде (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған осы Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), өтініштер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар

Авторизация – төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемді жүзеге асыру үшін Банктің рұқсаты. Авторизацияны алу процедурасы төлем карточкалары жүйесінің қатысушылары арасында жасалған шарттарға сәйкес белгіленеді.

Төлем карточкасын алу – төлем карточкасын жарамсыз деп тану, оны айналыстан алу және жою.

Банкомат – төлем карточкасының ұстаушысына төлем карточкасын пайдалану арқылы қолма-қол ақша алу және эмитенттің басқа да қызметтерін пайдалану мүмкіндігін беретін электрондық-механикалық құрылғы.

Төлем карточкасын оқшаулау – төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға толық немесе уақытша тыйым салу.

Бонустар – төлем карточкасын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін бірыңғай бонустық шотқа Банк қаражаты есебінен Банк есептейтін шартты бірлік. Бонустың құнын Банк теңгеге баламада белгілейді.

Виртуалды төлем карточкасы – Интернет желісі арқылы сатып алынатын тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз операцияларды жүргізуге, сондай-ақ өткізілуі оның заттық ұсынылуын талап етпейтін пошта немесе телефон бойынша тапсырыстарға арналған арнайы төлем карточкасы.

Банктің ішкі құжаттары – көпмәртелі қолдануға арналған және банк ішіндегі қарым-қатынас қатысушыларының өз функцияларын/лауазымдық міндеттерін орындау кезінде сақтауға/қолдануға міндетті, тәртіп нормаларын (ережелерін) белгілейтін, өзгертетін немесе тоқтататын, Банктің уәкілетті органдарымен бекітілген құжаттар.

Төлем карточкасын беру – эмитенттің төлем карточкасының ұстаушысына төлем карточкасын және оның дербес сәйкестендіру нөмірін табыстау процесі және (немесе) эмитенттің төлем карточкасының ұстаушысына карточка деректемелері туралы ақпаратты беруі.

Үзінді көшірме – осы Шартқа сәйкес төлем карточкасын пайдалану арқылы жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) аударымдар туралы ақпараты бар құжат.

Төлем карточкаларын шығару – төлем карточкасының ұстаушысына төлем карточкасын беруді қарастыратын төлем қызметі.

Үзінді көшірмені жасау күні – соңында Банк үзінді көшірмені жасайтын есепті кезеңнің соңғы күні.

Дебеттік карточка – Клиенттің банктік шотындағы ақша сомасы шеңберінде ұстаушысына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру мүмкіндігін беретін төлем карточкасы.

Төлем карточкасының ұстаушысы (бұдан әрі – ТКҰ) – төлем карточкасын беру туралы шартына сәйкес төлем карточкасын пайдаланатын жеке тұлға (Клиент) немесе егер төлем карточкасы алдын ала төленген болса, оны пайдалану арқылы операцияларды жүзеге асыратын жеке тұлға.

Қосымша төлем карточкасы - ТКҰ Өтініші негізінде негізгі төлем карточкасына қосымша берілетін төлем карточкасы. Қосымша төлем карточкасы Клиенттің Өтініште көрсетуіне байланысты және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда, ТКҰ (яғни Клиент) немесе өзге жеке тұлғалар (ТКҰ отбасы мүшелері және т.б.) атына шығарылуы мүмкін. Қосымша төлем карточкалары ұстаушыларының (бұдан әрі – ҚТКҰ) Шоттардан ақша жұмсау лимиттері ТКҰ-мен белгіленеді. Қосымша төлем карточкалары мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алуға арналған төлем карточкаларына, алдын ала төленген төлем карточкаларына шығарылмайды.

Қосымша үзінді көшірме – соңғы есепті кезеңге дейінгі кез келген есепті кезең үшін ТКҰ-ның сұрау салуы бойынша Банк жасайтын Шот бойынша үзінді көшірме.

Қосымша орынжай – бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) көлемінде Банк филиалының мекенжайынан басқа мекенжай бойынша орналасқан, клиенттерге қызмет көрсету бойынша банк операцияларының белгілі спектрін жүзеге асыратын Банк филиалының құрылымдық бөлімшесі (Дербес қызмет көрсету орталығы/Банктік қызмет көрсету орталығы/Кассалық есеп айырысу бөлімшесі/Қаржы орталығы/VIP-орталық).

ББШ (Бірыңғай бонустық шот) - банктік болып табылмайтын, Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама ережелеріне қосылған сәтте Банк әрбір Клиентке ашатын және онда Банк Бонустар бойынша операциялардың: есепке алудың, жұмсаудың, қалпына келтірудің, есептен шығарудың және теңгерімнің активті қалдығының есебін жүргізетін шот.

Бонустарды жұмсау – нәтижесінде тауарлар/қызметтер Клиенттің шоты арқылы төленетін транзакция.

Жалақы жобасы – Жалақыны аудару туралы шартқа сәйкес қызметкерлердің пайдасына банктік шоттар ашу, жалақы сомаларын және оларға теңестірілген басқа төлемдерді аудару бойынша Банк қызметі.

Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама ережелері - Клиентті Банк өнімдері мен қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатымен құрастырылған маркетингтік іс-шаралар кешені.

Төлем карточкасы – ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе валюталарды айырбастауға және төлем карточкасының эмитентімен және оның талаптарында анықталған басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараты бар электрондық төлем құралы.

Карточкалық операция – төлем карточкасы ұстаушысының төлем карточкасы немесе оның деректемелері арқылы Банспен анықталған шарттарда төлемдерді, ақша аударымдарын жүргізумен, қолма-қол ақшаны алумен, валютаны айырбастаумен және (немесе) басқа операциялармен байланысты операцияларды жүзеге асыруы.

Клиент – Өтініш негізінде осы Шартқа қосылған және атына банктік шот ашылатын жеке тұлға.

Айырбастау – шетел валютасын сатып алу/сату.

Кредиттік карточка - ұстаушысына Банк пен Клиент арасында жасалған банктік қарыз шартының талаптарында эмитентпен берілген банктік қарыз сомасының шеңберінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы.

ХТЖ (Халықаралық төлем жүйесі) - халықаралық ұйымдармен қызмет көрсетілетін төлем карточкаларын пайдалану арқылы операциялар бойынша банкаралық қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар жүйесі. ХТЖ қызмет ету ережелерін белгілейді және төлем жүйесінің мүшелері арасындағы операциялар бойынша тиісті валютада клирингтік есеп айырысуларды жүзеге асырады.

Рұқсат етілмеген операция – аталған операцияны жасауға өкілеттігі болмаған тұлғамен төлем карточкасын пайдалану арқылы жүзеге асырылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін карточкалық операция. Сондай-ақ қолдан жасалған төлем құралын пайдалану арқылы жүзеге асырылған карточкалық операция рұқсат етілмеген операция болып табылады.

Төлем карточкасының нөмірі – төлем карточкасы деректемелерінің бірі болып табылатын, төлем карточкасының беткі жағында көрсетілген 16 таңбалы нөмір.

Овердрафт (техникалық овердрафт) - ТҚҰ-ның Шотындағы меншік ақша қалдығынан үстеме жұмсалған ақша сомасы. Овердрафт айырбастау операциялары кезінде бағамдық айырмашылық кезінде, карточкалық операция бойынша авторизация сомасы мен қаржылық растау сомасы арасындағы айырмашылық кезінде, Банктің карточкалық жүйесінде алдын ала онлайн-авторизациясыз операциялар кезінде, эквайерлер ХТЖ ережелерінде белгілеген ұсыну мерзімі бойынша кешіктірумен берілген операциялар кезінде, шоттан сомаларды қателікпен/екі рет есептен шығару және т.б. кезінде туындауы мүмкін.

Операциялық күн –кезеңінде Банк ақша аударымы туралы нұсқаулардың және тоқтата тұру туралы өкімдердің қабылдануын немесе Клиенттерден бұндай нұсқауларды қайтарып алуды және олардың пайдасына немесе үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымдарын жүзеге асырумен байланысты хабарламалардың Клиенттерге жіберілуін жүзеге асыратын, Банктің клиенттеріне операциялық қызмет көрсету кестесіне (бұдан әрі - Кесте) сәйкес уақыт кезеңі. Операциялық күннің ұзақтығы Банспен дербес анықталады. Банк операциялық күннің ұзақтығын өзгертуге құқылы. Тиісті өзгертулер туралы ақпарат Клиентке ақпаратты www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастыру арқылы, сондай-ақ ақпаратты Банктің операциялық залдарының және олардың қосымша орынжайларының қол жетімді жерлерінде орналастыру арқылы бұндай өзгертулердің қолданысқа енгізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке хабарланады.

Негізгі карточка – Банк карточкалық операцияларды есепке алу үшін атына Шот ашатын, ТКҰ атына шығарылған төлем карточкасы.

Қателікпен есепке алынған ақша – қате нұсқауды орындау нәтижесінде Шотқа есепке алынған ақша. Егер: 1) нұсқауда алдағы жіберушіден алынған нұсқаудың деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелер болса; 2) нұсқау қайта табысталса, бастамашымен жіберілген нұсқау қате болып табылады.

ҚБП (Қолма-қол ақша беру пункті) – төлем карточкасын пайдалану арқылы қолма-қол ақшаны қабылдау және/немесе беру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін арнайы жабдықталған касса.

Дербес сәйкестендірме нөмір (ДСН) – ТКҰ-ға берілетін және Карточка ұстаушысын сәйкестендіруге арналған құпия сандық код.

Алдын ала төленген төлем карточкасын дербестендіру – алдын ала төленген төлем карточкасы ұстаушысының Банкке ұсынылған құжаттарының пакеті негізінде сәйкестендірме деректерін тіркеу. Аталған процедураны орындау кезінде Шоттың ашылуы және берілген алдын ала төленген төлем карточкасына ТКҰ деректерінің сәйкестендіріліп қосылуы жүзеге асырылады.

Төлем құжаты – қағаз тасымалдаушысында жасалған немесе электрондық түрде құрастырылған құжат, оның негізінде немесе ол арқылы төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылады.

Қолдан жасалған төлем карточкасы – заңсыз жолмен жасалған, рұқсат етілмеген карточкалық операцияларды жүзеге асыру мақсатында қолдан жасалған төлем карточкасы.

POS-терминал – төлем карточкасын пайдалану және банктің ақпараттық жүйесіне қосылу арқылы ССК-те тауарлар немесе қызметтер үшін төлем, сондай-ақ ҚБП-та қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электронды-механикалық құрылғы.

Алдын ала төленген төлем карточкасы – ұстаушысына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға және (немесе) бастапқы ұстаушысы алдын ала енгізген және Банктің шоғырландырылған шотында есептеленетін ақша сомасы шегінде қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін төлем карточкасы. Микропроцессорлық карточка немесе ішінде бұндай карточканың немесе арнайы электрондық құралдың ұстаушысына қол жетімді, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары мен өзге операцияларды жүзеге асыру шегіндегі ақша сомасы туралы ақпарат сақталатын басқа электрондық құрал алдын ала төленген төлем карточкаларына жатпайды.

ССК (Сауда және сервис кәсіпорны) – жеткізілетін тауарлар және/немесе қызметтер төлемі бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүргізу үшін төлем карточкаларын қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға. ССК төлемге қабылдайтын төлем карточкаларының типі, жүргізілетін операциялар сомасы және ТКҰ-ның сәйкестендіру тәртібі бойынша шектеу енгізе алады. Банк ТКҰ-ның ССК енгізетін бұндай шектеулеріне немесе ТКҰ-ның сәйкестендіру тәртібіне байланысты жауапкершілікте болмайды және кінәрат-талаптарын қабылдамайды.

Төлем карточкасының деректемелері – төлем карточкасының нөмірін, қолданыс мерзімін, төлем карточкалары жүйесінің атауын қамтитын, төлем карточкасының ұстаушысына және/немесе эмитентке және төлем карточкаларының жүйесіне тиесілілігін анықтауға мүмкіндік беретін, төлем карточкасындағы және/немесе Банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат.

Тоқтатым-парақ – пайдалануға тыйым салынған және қызмет көрсетуге ұсынылған кезде алынуға жататын төлем карточкалары нөмірлерінің тізімі. Тоқтатым-парақты ХТЖ эмитенттердің онлайн (электрондық режимдегі) немесе жазбаша өтініштерінің негізінде жасайды.

Тараптар - Банк және ТКҰ, сондай-ақ осы Шартта белгіленген жағдайларда қосымша төлем карточкасының ұстаушысы.

Шот - Клиенттің Өтініште анықтаған валютада Банктің Клиентке ашатын банктік шоты, оған кіру Карточка арқылы жүзеге асырылады.

Тарифтер – төлеу күні қолданыста болатын Банк төлем карточкалары бойынша ұсынатын қызметтер үшін тарифтер және комиссиялар.

Төлем жүйесінің шарттары – төлемдерге қатысушы-банк үшін қолданылатын және Банк пен ХТЖ өзара әрекет ету шарттары мен тәртібін реттейтін шарттар. ХТЖ шарттары құпия ақпарат болып табылады және жария етуге жатпайды.

Филиал – Банк атынан банктік қызметті жүзеге асыратын және Банк берген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін, Банк орналасқан жерден тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі.

Эквайер – ССК-мен жасалған шарт талаптарына және/немесе карточкалық операцияны жүргізу кезінде ССК-те жасалған төлем құжатының шарттарына сәйкес ССК пайдасына түскен ақшаны қабылдауы немесе ССК-мен жасалған шартта қарастырылған басқа әрекеттерді орындауы тиіс банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым. Сондай-ақ қолма-қол ақшаны беруді және/немесе осы банктің клиенті болып табылмайтын төлем карточкасының ұстаушыларына Карточканы пайдалану арқылы төлемдерді және ақша аударымдарын жүргізу жөніндегі өзге қызметтерді жүзеге асыратын банк эквайер болып табылады.

Эмитент – төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын банк.

3. Шарт мәні

3.1. Осы Шарт пен Өтініштің негізінде Банк:

3.1.1. Клиентке осы Шартта көзделген талаптар мен тәртіпте банктік шот (оның ішінде мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін банктік шот) ашады;

3.1.2. Алынып тасталды.

3.1.3. төлем карточкасын шығарады, оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы Шартта көзделген талаптарда банк шотына қызмет көрсетеді, ал Клиент төлем карточкасын төлем карточкасын пайдалану қағидаларына сәйкес пайдаланады, банк шоты бойынша берешекті уақтылы өтейді, сондай-ақ банк қызметтеріне тарифтерге сәйкес ақы төлейді.

3.2. Клиент осы Шарттың талаптарымен, Төлем карточкасын пайдалану ережелерімен, Тарифтермен, www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-ресурсында орналасқан операцияларды жүргізу шектеулерімен/лимиттерімен танысты. Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олармен Клиент www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарында және қосымша орынжайларында көрінетін жерде таныса алады.

3.3. Клиенттің тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Банк Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төлем карточкасын пайдалану бойынша шектеу белгіленген.

4. Шотты ашу және төлем карточкасын шығару

4.1. Банк Өтініш бойынша төлем карточкасын шығару туралы оң шешім қабылдағаннан кейін Банк Шот ашады және төлем карточкасын шығарады, Тарифтерге сәйкес төлем карточкасын пайдалану шарттарын және қызметтерді көрсету шарттарын анықтайды. ТКҰ төлем карточкасын Тарифтерге және осы Шартқа сәйкес қабылдауға және пайдалануға міндеттенеді.

4.2. Банк ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіпте ҚР мемлекеттік кіріс органдарына Шоттың ашылуы туралы хабарлайды.

4.3. Шотты жүргізу валютасы осы Шарттың талаптарына сәйкес Өтініште Клиентпен анықталады.

4.4. ТКҰ-ның өтініші негізінде Банк ТКҰ-ның немесе өтініште көрсетілген жеке тұлғаның атына Шотқа қосымша төлем карточкасын шығарады. ҚТКҰ Банкке хабарласқан жағдайда Банк оған Шот нөмірін хабарлауға құқылы.

4.5. ҚТКҰ қосымша төлем карточкасын пайдалану арқылы ТКҰ-ның Шотты басқаруға уәкілетті тұлғасы болып табылғандықтан, ТКҰ қосымша төлем карточкасын пайдалану арқылы

ҚТКҰ-мен жасалған карточкалық операцияларды даулауға құқығы жоқ. Бұндай жағдайдағы барлық даулар Банктің қатусыз ТКҰ мен ҚТКҰ арасында шешіледі.

4.6. ТКҰ жазбаша өтініші негізінде, осы Шарттың талаптарын ескерумен негізгі және/немесе қосымша төлем карточкасын пайдаланудан (соның ішінде, төлем карточкасының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін) бас тартуға құқылы. Бұндай кезде төлем карточкасына қызмет көрсету үшін ТКҰ-мен төленген Банк комиссиясы қайтарылмайды.

4.7. Төлем карточкасы шығарылған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде талап етілмеген жағдайда Банк төлем карточкасын және ДСН-конвертті (болған жағдайда) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жояды.

4.8. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады және осы Шарттың талаптарына сәйкес ТКҰ-ға уақытша пайдалануға және иелік етуге тапстырылады. Төлем карточкасы ТКҰ-мен осы Шартта қарастырылған тәртіпте Банкке міндетті түрде қайтырылуға жатады. ҚТКҰ-ның осы Шарттың шеңберінде шығарылған қосымша карточкасын қайтаруды ТКҰ қамтамасыз етеді.

4.9. ТКҰ тиісті Өтінішті берген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде төлем карточкасын талап етпеген жағдайда, төлем карточкасы жойылады.

4.10. ТКҰ-ға қатысты осы Шарттың ережелері, соның ішінде міндеттері, жауапкершілігі, хабарлау тәртібі мен дауларды шешу және т.б., ҚТКҰ-ға да тең дәрежеде қатысты болады (егер олар оған қолданылса).

5. Төлем карточкасын пайдалану және Шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі

5.1. ТКҰ төлем карточкасын ҚР заңнамасына және осы Шартқа сәйкес пайдаланылады.

5.2. Төлем карточкасын оның ұстаушысы болып табылмайтын тұлғаның қолдануы заңсыз болып табылады.

5.3. Төлем карточкасында оның қолданыс мерзімінің аяқталу айы және жылы көрсетіледі. Төлем карточкасы онда көрсетілген жыл айының соңғы күні аяқталғанға дейін жарамды.

5.4. Төлем карточкасын қайта шығару төлем карточкасы қолданысының мерзімі аяқталған/жоғалған/ұрланған/зақымданған, ТКҰ тегін және/немесе атын өзгерткен жағдайда, төлем карточкасын алаяқтық деңгейі жоғары елдерде пайдалану және Банктің немесе Клиенттің бастамасы бойынша басқа жағдайларда Клиенттің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Алаяқтық деңгейі жоғары елдердің тізімі Банктің www.jysanbank.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

5.5. Клиент алаяқтық деңгейі жоғары елдерде төлем карточкасын пайдаланғаннан кейін, Қазақстан Республикасына қайтып оралған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем карточкасын қайта шығару үшін Банкке хабарласуға міндетті. Аталған талап сақталмаған жағдайда және осыған байланысты төлем карточкасын рұқсат етілмеген пайдалану жағдайы туындаған кезде, бұндай талапты сақтамау нәтижесінде пайда болған Банктің барлық шығындары ТКҰ-ның өтелуіне жатады. Бұндай кезде аталған талапты сақтамау салдарынан Клиентке келтірілген залал Банк тарапынан өтелуге жатпайды.

5.6. ТКҰ төлем карточкасын пайдаланудан бас тартқан жағдайда, Банкке тиісті жазбаша өтінішін ұсынады және төлем карточкасын қайтарады.

5.7. ТКҰ тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Банк төлем карточкасын пайдалану арқылы жүргізілетін карточкалық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге (операциялар түрлері бойынша, сондай-ақ қызмет көрсету аймағы бойынша) Банктің www.jysanbank.kz интернет-ресурсында орналасқан шектеулерді/лимиттерді белгілеуі/өзгертуі мүмкін.

5.8. Тауарлар мен қызметтерді төлеу, қолма-қол ақшаны алу немесе өзге шығыс операцияларын жүргізу кезінде Банк ақшаны авторизация сомасына оқшауландырады (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастайды). Овердрафтқа жол бермеу мақсатында ТКҰ Банкке оқшаулау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ақшаны авторизация сомасына оқшаулау (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастау) өкілеттіктерін

береді. Авторизация сомасының карточкалық операция бойынша алу сомасынан айырмашылығы болуы мүмкін. Авторизация сомасы қолжетімді қаражат сомасынан Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған негіздер бойынша операция сомасын алу кезіне дейін немесе Банктің авторизация сомасына карточкалық операция жүргізілмегенін растауды алғанға дейін алынады.

5.9. Есепті кезең аяқталғаннан кейін төлем карточкасын пайдалану арқылы операцияларды жүргізу кезінде Банк ТКҰ немесе ҚР заңнамасына сәйкес ресімделген, ТКҰ немесе ТКҰ-ның берген сенімхаты негізінде әрекет етуші оның уәкілетті тұлғасы, ТКҰ-ға қызмет көрсететін Филиалда/Қосымша орынжайда алуы мүмкін немесе оның Өтініште немесе Банк алған өзге өтінішінде (Банк бұндай қызметті ұсынған және ТКҰ қызметті Тарифтерге сәйкес төлеген кезде соңғысында) баяндалған өкімдеріне сәйкес жіберілуі мүмкін үзінді көшірме жасайды. Үзінді көшірме жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ТКҰ Банкке жазбаша түрде үзінді көшірмеде көрсетілген ақпаратпен келіспейтіні туралы хабарламаған жағдайда, үзінді көшірме ТКҰ-мен расталған болып саналады. Үзінді көшірмені алмау ТКҰ-ны осы Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

5.10. ТКҰ ХТЖ клиенттерін ғаламдық қолдау қызметімен ұсынылатын қызметтерді пайдалануға құқылы, оның төлемі Банк Тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5.11. ДПК Шоттағы ақша қалдығы шегінде төлемдерді және ақша аударымдарын бұндай операцияларды жүргізу үшін Банк пайдалынатын сервис арқылы және Тарифтерге сәйкес басқа (Банкте немесе кез келген басқа банкте ашылған) банк шоттарына жүзеге асыруға құқылы. Егер ТКҰ осы Шарттың 7.1-тармағына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлемеген және төлемді және/немесе аударымды жүргізуге байланысты төлеуге тиісті Банктің комиссиялық сыйақысының сомасын есепке алу арқылы төлемді және/немесе ақша аударымын жүргізу үшін Шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк ТКҰ-ның төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк ТКҰ-ның Банкке ұсынған/жіберген төлем құжаттарының ішінара орындалуын жүргізбейді.

5.12. ҚТКҰ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын тек қосымша төлем карточкасын пайдалану арқылы және Банкпен белгіленген қаражатты жұмсау шығыны шеңберінде және/немесе Банк алған ТКҰ өкімі бойынша жүзеге асырады.

5.13. Шотты толықтыру ҚР заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. Банк ТКҰ-ны ҚР заңнамасына сәйкес төлем алушы ретінде толық сәйкестендірген жағдайда ғана Банк ақшаны Шотқа есепке алады.

5.14. Шотты АҚШ долларында немесе еуроға толықтыру кезінде теңгедегі айырбастау Банктің айырбастау күніне белгілеген валютада сату бағамы бойынша жүргізіледі.

5.15. Банк басқа банктерден және кез келген үшінші тұлғалардан түсетін төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, Банк бұндай төлемдерді немесе ақша аударымдарын жүргізуге байланысты комиссиялар мен шығыстардың шегерісімен (егер олар Банк тарифтеріне сәйкес алынуға тиіс болса), Банкке ақша түскен күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күннен кешіктірілмейтін мерзімде Шотқа есепке алады.

5.16. Қате нұсқауды орындау нәтижесінде Шотқа есепке алынған ақша ТКҰ-ның келісімінсіз, бірақ кейін оған хабарлаумен жөнелтушіге қайтарылуы тиіс.

5.17. ТКҰ-ның тапсырмасы бойынша ұсынылған құжаттар ҚР заңнамасының және/немесе Банктің талаптарына қарама-қайшы келген және/немесе талапқа сай ресімделмеген жағдайда, Банк ТКҰ-ның тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы.

5.18. Теңге (операциялар ҚР аумағында жүргізілген кезде), АҚШ доллары, еуро (егер ХТЖ мен Банктің өзара қатынастары қарастырылса, операцияларды еуроаймақта жүргізу кезінде) Банктің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы болып табылады. ХТЖ арқылы шетел валютасында жүргізілген карточкалық операция сомасы, аталған карточкалық операция бойынша Банкпен кейінгі есеп айырысу үшін ХТЖ карточкалық операцияны өңдейтін күнге ХТЖ белгілеген бағам бойынша АҚШ долларына немесе еуроға айырбасталады.

5.19. Егер Шот теңгеде жүргізілсе және карточкалық операция ХТЖ арқылы шетел валютасында жүзеге асырылса, Банк карточкалық операция сомасының ХТЖ осы Шарттың 5.18- тармағына сәйкес төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемді жүргізу кезінде жасалған төлем құжатының Банкке түскен күнге және уақытқа Банк белгілеген бағам бойынша есептеген АҚШ долларындағы немесе еуроғағы карточкалық операцияның сомасына баламалы теңгедегі соманы есептен шығару арқылы Шот бойынша көрсетуді жүзеге асырады.

5.20. ҚР аумағында тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің ССК-ке төлемі тек теңгеде жүргізіледі. Егер Шот АҚШ долларында немесе еуроға жүргізілсе, Банк Шоттан ақша алу күніне Банспен белгіленген валютаны сатып алу бағамы бойынша теңгедегі карточкалық операцияның сомасына баламалы АҚШ долларындағы немесе, сәйкес, еуроғағы соманы есептен шығарады. Егер ССК басқа банкке қосылса, операция осы Шарттың 5.18 және 5.19- тармақтарына сәйкес ХТЖ арқылы жүзеге асырылады.

5.21. ТКҰ валюталық операцияларын жүргізген кезде Банк ҚР валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет етеді. ТКҰ Банк арқылы ТКҰ валюталық операцияларын жүргізуге қатысты ҚР валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды, соның ішінде валюталық операцияларды сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды Банкке ұсынуға міндетті.

5.22. Төлемді және/немесе аударымды жүзеге асыру үшін Шотта ақша жеткіліксіз болған кезде, бұндай төлем және/немесе аударым жүзеге асырылмайды.

5.23. Банк ҚР заңнамасында, Шартта немесе ТКҰ Банкке берген ақшаны автоматты түрде аудару, соның ішінде «Ұзақ тапсырма» қызметіне қосылу өтініші негізінде ақшаны ТКҰ-ның/үшінші тұлғаның кез келген банктік шотына аудару өтініштерінде қарастырылған жағдайларда, ТКҰ-ның қосымша келісімінсіз Шоттағы ақшаны есептен шығарады немесе аударады.

5.24. Овердрафт туындаған жағдайда, овердрафт сомасы ол туындаған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ТКҰ-ның өтеуіне жатады. Банк овердрафтың туындауы туралы ТКҰ-ға/ҚТКҰ-ға осы Шарттың 18.15-тармағында көрсетілген тәсілдерінің бірімен хабарлама жолдау арқылы хабарлайды.

5.25. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк Клиентке Бонус беруге құқылы. Шығарылатын төлем карточкасының түріне қарай есептеу, пайдалану, төлеу шарттары және бонустар түрлері тарифтермен айқындалады. Банк Клиентті хабардар етпей бонустарды жою, сондай-ақ есеп айырысулар мен төлемдердің мөлшері мен тәртібін өзгерту, соның ішінде төмендегілерге кез келген шектеулерді анықтау және белгілеу құқығын өзіне қалдырады:

- 1) ББШ-тан Бонустарды пайдалану және алу әдістеріне;
- 2) Бонустарды есептеу, жинақтау, қолдану кезеңіне;
- 3) Сауда және сервис кәсіпорындарының тізбесіне;
- 4) төлем карточкасы бойынша жүргізілетін операциялардың түрлеріне;
- 5) Бонустарды ұсыну және пайдалану шарттары туралы ақпарат Банктің www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсында орналастырылады.
- 6) Бонустарды есептеуді Банк www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама ережелерінің шарттарына сәйкес жүзеге асырады. Есептелген Бонустарды Клиент тауарлар мен қызметтерді төлеу кезінде.

5.26. ТКҰ бастамасымен жасалған төлем Банктен ТКҰ нұсқауды алған күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күннің ішінде төлем құжатының орындалмауы туралы хабарламаны алмаған жағдайда, әдепкі қалпы бойынша орындалды деп есептеледі.

5.27. ТКҰ-ға карточкалық операция жасалған күннен бастап 120 (жүз жиырма) күн ішінде төлем карточкасын пайдаланумен байланысты барлық құжаттарды (чектерді, слиптерді, қызметтерді төлеу шоттарын және т.б.) сақтау және қажетті жағдайда Банктің бірінші талабы бойынша оларды беру ұсынылады.

5.28. Клиенттің бастамасы бойынша Шотты жапқан кезде және ББШ-та Клиент пайдаланғысы келмейтін бонустар қалған жағдайда, Банктің қалауы бойынша бонустар автоматты түрде жойылуға жатады. Барлық шоттар жабылған жағдайда және Шот бойынша

соңғы операциядан кейін 6 (алты) ай ішінде банк жүйесіндегі шот белсенді емес болған жағдайда, Банктің қалауы бойынша бонустар қалдығы автоматты түрде жойылады.

6. Шоттағы ақша қалдықтарын қайтару бойынша міндеттемелерге кепілдік беру

6.1. Банк 2015 жылғы «25» қаңтардағы №16 Куәлікпен расталатын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.

6.2. Банк мәжбүрлеп таралған жағдайда, Банктің Шоттағы ақша қалдықтарын қайтару бойынша міндеттемелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру нысаны болып табылады.

6.3. Қайтаруы бойынша міндеттемелеріне «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-пен (бұдан әрі –Қор) кепілдік берілген Шот бойынша өтеу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерде және тәртіпте Шоттағы қалдық сомасында төленеді.

7. Тарифтер және ТКҰ-ның Банкпен өзара есеп айырысулары

7.1. ТКҰ осы Шарт бойынша Банкпен ұсынылатын қызметтер үшін операцияларды жасасу күніне қолданылатын Тарифтерге сәйкес Банкке комиссиялық сыйақы (комиссия) төлеуге міндеттенеді.

7.2. Банк Тарифтерді Банктің www.jysanbank.kz мекенжайындағы интернет-ресурсында орналастырылады. Өтінішке қол қойып және Шартқа қосылуымен ТКҰ Тарифтермен танысып шыққанын және олардың мөлшерлерімен келісетінін растайды.

7.3. Банк ақпаратты www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-ресурсында орналастыру арқылы және ТКҰ көрсеткен электронды пошта мекенжайына жолдау арқылы, сондай-ақ Банк филиалдары залдарының және олардың қосымша орынжайларының қолжетімді жерлерінде ақпаратты орналастыру арқылы Осы шартқа, Тарифтерге, Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізуге бастамашылық жасауға құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат ТКҰ-ға, ҚТКҰ-ға мәлімет үшін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей орналастырылады.

7.4. Банктің жалақы жобасы шеңберіндегі операциялар бойынша Тарифтері Банк ТКҰ-дан және/немесе ТКҰ жұмыс берушісінен ТКҰ мен оның жұмыс берушісінің арасындағы еңбек қатынастарының тоқтатылуы туралы хабарламаны алғанға дейін төлем карточкаларына қатысты қолданылады. Банк ТКҰ-дан және/немесе оның жұмыс берушісінен еңбек қатынастарының тоқтатылуы туралы хабарламаны алған жағдайда, Банк пен ТКҰ жұмыс берушісінің шарттық қатынастарына сәйкес Банкке ұсынылған ТКҰ-ның жазбаша хабарламасы немесе Банкке ұсынылған ТКҰ жаңа жұмыс берушісінің хабарламасы негізінде Банкпен шығарылған барлық төлем карточкаларын басқа жалақы жобасына ауыстыру жағдайларын қоспағанда, Банк Банкпен шығарылған барлық төлем карточкаларын жалақы жобасынан шығарады және базалық Тарифтерге сәйкес қызмет көрсетуге ауыстырады.

7.5. Банк карточкалық операциялар сомасын, Банк комиссияларын, ТКҰ сұрау салған және Банкоматтың бақылау чегінде (соның ішінде басқа валютада) көрсетілген сомалардан үстеме, Шотқа қателікпен есепке алынған/Банкоматты пайдалану арқылы алынған сомаларды қолжетімді қаражат сомасының есебінен есептен шығарады.

7.6. Шотына қателікпен есепке алынған/ ТКҰ/ҚТКҰ алынған ақшаны Банк Шоттан есептен шығара алмаған жағдайда (Шотта ақшаның болмауы және т.б.), ТКҰ сұрау салынған және Банкоматтың бақылау чегінде, соның ішінде өзге валютада (бұндай қателікпен есепке алу/алу себебіне қатысты емес) көрсетілген сомалардан үстеме, Шотқа қателікпен есепке алынған немесе Банкоматты пайдалану арқылы алынған ақшаны ТКҰ Банкпен белгіленген мерзімде қайтаруға міндеттенеді.

7.7. ТКҰ Шартқа қосылу арқылы ТКҰ-ның жұмыс берушісі Шотқа ТКҰ мен оның жұмыс берушісі арасындағы шарттық қатынастарға сәйкес ТКҰ-ға арналмаған ақшаны (немесе оған арналған сомалардан үстеме) қателікпен аударған жағдайда, жұмыс берушінің төлеу қателігі туралы хабарламасы негізінде Банктің Шотты тікелей дебеттеуі арқылы Банкке Шоттан

ақшаны алуға келісімін береді. ТКҰ жұмыс берушісі ТКҰ-ға қойылған талаптарының негізділігі үшін жауапкершілікте болады. Жұмыс беруші мен ТКҰ арасындағы кез келген даулар Банкті тартпастан, өздерімен дербес қаралады.

8. Алдын ала төленген төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері

8.1. Банк төлем карточкасының нөмірі алдын ала берілген, қолданыс мерзімі белгіленген, бірақ ұстаушысының деректемелері жоқ алдын ала төленген төлем карточкасын шығарады. Банк алдын ала төленген төлем карточкасын, оның бастапқы ұстаушысы Банктен алдын ала төленген төлем карточкасын алған кезде кассаға алдын ала салған (номинал бойынша) ақша сомасына береді. Алдын ала төленген төлем карточкасы үшінші тұлғаға табысталуы/сыйға тартылуы мүмкін.

8.2. ТКҰ алдын ала төленген карточканың қолданыс мерзімі ішінде банктік шоттағы ақшаны толық игеруге міндетті. Алдын ала төленген төлем карточкасының қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін ақшаның берілуі жүргізілмейді.

8.3. Алдын ала төленген төлем карточкасы жоғалған/ұрланған жағдайда, Банк пайдаланбаған ақшаны қайтаруды жүзеге асырмайды. Банк алдын ала төленген төлем карточкасын қайта шығаруды және оқшаулауды жүзеге асырмайды.

8.4. Алдын ала төленген төлем карточкасын дербестендіру оны ұстаушысына беру кезінде немесе ұстаушының өтініші бойынша кештеу жүргізілуі мүмкін.

9. Төлем карточкасының жоғалуы/ұрлануы. Төлем карточкасын заңсыз пайдалану

9.1. ТКҰ төлем карточкасының жоғалуы/ұрлануы мүмкіндігін болдырмауы тиіс, ДСН және төлем карточкасының басқа да құпия деректемелерінің жария етілуіне/құпиялығының ашылуына жол бермеуі, сондай-ақ төлем карточкасын үшінші тұлғаларға табыстамауы тиіс.

9.2. Егер ТКҰ оның жоғалғанын, ұрланғанын байқаса және/немесе оған төлем карточкасын заңсыз пайдалану туралы белгілі болса, ол кідіртпей, аталған фактілердің бірі анықталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, Банкке төлем карточкасын оқшаулау туралы талабымен ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша өтініш білдіруі тиіс, ал Банкпен байланысу мүмкін болмаған жағдайда, ХТЖ клиенттерін ғаламдық қолдау қызметіне кідіртпей хабарласуы тиіс. ТКҰ-ның төлем карточкасын оқшаулау туралы ауызша алынған талабы ТКҰ-ның қолымен расталған қағаз түріндегі ТКҰ жазбаша талабына баламалы болып есептеледі. Бұған қоса ТКҰ-ға төлем карточкасын Тоқтатым-парағына енгізу ұсынылуы мүмкін. ТКҰ төлем карточкасын Тоқтатым-парағына енгізуден бас тартқан жағдайда, сондай-ақ төлем карточкасының Тоқтатым-парағында болу мерзімі аяқталғаннан кейін төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдалану арқылы жасалған операциялар үшін ТКҰ жауапкершілікте болады. Бұндай кезде төлем карточкасын оқшаулау туралы талап Банк ХТЖ белгіленген уақыт шеңберіне сәйкес ТКҰ-ның төлем карточкасының нөмірін енгізу туралы талабын алған кезден бастап 2 (екі) сағат өткеннен кейін күшіне енеді.

9.3. Бұрын жоғалған/ұрланған немесе заңсыз қолданылған деп мәлімделген төлем карточкасы табылған кезде, ТКҰ бұл туралы Банкке кез келген тәсілмен кідіртпей хабарлауға және қысқа мерзімде Банкке қайтаруға міндетті.

9.4. ТКҰ/ҚТКҰ Банкке төлем карточкасының жоғалуы, ұрлануы немесе карточканы рұқсат етілмеген пайдалану туралы хабарламаған жағдайда, төлем карточкасын жоғалтумен немесе төлем карточкасын рұқсат етілмеген пайдаланумен байланысты тәуекелдікте болады.

10. ТКҰ құқылы:

10.1. Төлем карточкасын ҚР заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес пайдалануға.

10.2. Банкке 14 (он төрт) жасқа толған тұлғалар үшін қосымша төлем карточкаларын шығаруға уәкілеттік беруге. Бұл үшін ТКҰ Банк белгілеген форма бойынша Банкке қосымша карточканы шығаруға өтінішті, сондай-ақ ҚТКҰ басқа құжаттарын ұсынуы тиіс. Банк бас тартудың негіздерін түсіндірмей қосымша төлем карточкасын беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

10.3. Шот бойынша үзінді көшірмелер алуға.

10.4. Төлем карточкасын оқшаулау және/немесе осы Шартта қарастырылған тәртіпте Төлем карточкасын пайдалану бойынша шектеулер/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру туралы (телефон арқылы) ауызша немесе жазбаша талаппен Банкке өтініш жасауға құқылы.

10.5. Төлем карточкасында көрсетілген әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін 1 (бір) күнтізбелік ай бұрын, сондай-ақ кідірмей төлем карточкасы жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланылған жағдайда Банкке төлем карточкасын қайта шығару туралы жазбаша өтінішпен хабарласуға құқылы.

10.6. Төлем карточкасын табыстаусыз тиісті түрде ресімделген сенімхатты ұсыну арқылы Шотқа иелік ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге;

10.7. Банкке дебеттік төлем карточкасы бойынша қызмет көрсету үшін ашылған Шоттан ақшаны «Ұзақ мерзімді тапсырма» қызметіне қосылуға өтініштің негізінде кез келген өз банктік шотына/үшінші тұлғанық шотына аударуды Банкке тапсыруға.

10.8. Пайдаланатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке өтініш жасауға және ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде жауап алуға.

10.9. Тарифтерге сәйкес қызмет үшін төлемді жүргізгеннен кейін Банктің Банкоматтары арқылы ДСН-ді өзгерту және SMS, Push-хабарландыру қызметіне қосылу қызметтерін пайдалануға.

11. ТКҰ міндеттенеді:

11.1. Банкке Шотты ашу, төлем карточкасын (негізгі төлем карточкасын/қосымша төлем карточкаларын) шығару үшін қажетті нақты және дұрыс ақпаратты ҚР заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ұсынуға.

11.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға және төлем карточкасын ҚР заңнамасына және ХТЖ ережелеріне қарама-қайшы келетін операциялар жүргізу үшін пайдаланбауға.

11.3. Банк қызметтерін Шот бойынша операцияларды жүргізу күні қолданылатын Тарифтерге сәйкес төлеуге.

11.4. Төлем карточкасының сақталуын қамтамасыз етуге, ДСН-ді және төлем карточкасының басқа деректемелерін құпия сақтауға, төлем карточкасын үшінші тұлғаларға табыстамауға.

11.5. ҚТКҰ-ны Тарифтермен және осы Шартпен таныстыруға және негізгі төлем карточкасы, сонымен қатар қосымша төлем карточкаларын пайдалану кезінде жұмсаған барлық шығындарды Банкке төлеуге.

11.6. Шоттан қателікпен ақша алу/Шотқа қателікпен ақша салу анықталған кезде, сондай-ақ Төлем карточкасын ССК, ҚБП немесе Банкоматта алу жағдайында Банкке кідіртпей жазбаша хабарлауға.

11.7. Төлем карточкасының қолданыс мерзімінің аяқталу салдарынан төлем карточкасын пайдалануды тоқтатқан жағдайда және/немесе осы Шартты бұзу кезінде, бұл туралы Банкке жазбаша хабарлауға және төлем карточкасын Банкке қайтаруға.

11.8. Төлем карточкасын және/немесе оның деректемелерін үшінші тұлғалардың заңсыз қолдану тәуекелдігіне жауапты болуға;

11.9. Шоттан ақшаның жұмсалуды бақылауға, овердрафттың туындауына жол бермеуге.

11.10. Төлем карточкасы жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланылған жағдайда Банкке осы Шарттың 9-бөліміне сәйкес хабарлауға. Осы хабарлама оны Банк алған күннен бастап күшіне енеді.

11.11. Банктен тиісті хабарламаны алған кезде төлем карточкасын пайдалануды тоқтатып, Банк хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Шот бойынша берешекті өтеуге, сондай-ақ сөзсіз тәртіпте ТКҰ-ның осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуына байланысты немесе төлем карточкасын оқшаулауға, оны Тоқтатым-парағына (болған кезде) енгізуіне байланысты Банк жұмсаған шығыстарды және сот шығындарын өтеуге және төлем карточкасын Банкке қайтаруға.

11.12. Шоттан қателікпен ақша алу немесе Шотқа қателікпен ақша салу анықталған кезде немесе рұқсат етілмеген операцияны жүргізу кезінде бұл жөнінде Банкке кідірмей хабарлауға.

11.13. Төлем құжатын орындағаннан кейін оны орындаудың дұрыстығын анықтауға және оның дұрыс орындалмауы жағдайында қате төлемнің орындалуын анықтағаннан кейін 3 (үш) операциялық күннің ішінде, бірақ қате нұсқауды немесе рұқсат етілмеген құжатты және (немесе) ақша аударымын орындаған күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей анықталған қате туралы Банкке хабарлауға. Қате төлем туралы хабарламада Клиент төлем құжатының деректемелерін және ол анықтаған қате деректемелерді көрсетеді.

11.14. ТКҰ сұрау салынған және Банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген, сондай-ақ Шотқа қателікпен салынған (ТКҰ анықтаған кезде) сомаға үстеме соманы Банкоматтан қателікпен алғанын анықтаған кезден бастап ақшаны 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде Банк белгілеген тәртіпте қайтаруға міндетті.

11.15. 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Өтініште көрсетілген мәліметтердің өзгеру күнінен бастап, Банкке берілген дербес деректердің кез келген өзгеруі, келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: дербес деректер, тұрақты тіркелген мекенжайы және нақты тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға әсер етуі мүмкін ақпараттың өзгеруі жағдайында бұл өзгертулер туралы Банкке қажетті растаушы құжаттарды қоса тіркеп тиісті өтінішті жолдау арқылы жазбаша түрде хабарлауға.

11.16. Ақшаны алу болжалған күнге дейін кем дегенде бір жұмыс күні бұрын Банктегі өз Шотынан 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық сомаға қолма-қол ақшаны алуға жазбаша өтініш беруді қамтамасыз етуге.

11.17. ТКҰ-ның ауызша немесе жазбаша алынған өтініші негізінде қызмет көрсету бойынша белгілі бір шектеулер/лимиттерді Банк алып тастаған немесе өзгерткен кездегі төлем карточкасын пайдалануға байланысты туындаған салдар үшін жауапкершілікте болуға.

11.18. Осы шарттың 11.7-тармағында көрсетілген салдар басталуының дәлелі ретінде Банктен даулы жағдайлар бойынша ақпаратты қабылдауға.

11.19. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Банктің www.jysanbank.kz интернет-ресурсында орналастырылатын ақпаратпен танысуға.

12. Банк құқылы

12.1. Осы Шартта қарастырылған жағдайларда оқшаулау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге Шоттағы ақшаны авторизация сомасында оқшаулауға (қолжетімді қаражат сомасынан алып тастауға).

12.2. ТКҰ-ның Банктегі және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардағы кез келген банктік шоттарынан Шот валютасынан басқа валютада ақша алу кезінде соманы алу күніне Банктің белгілеген валюта айырбастау бағамы бойынша айырбастауға.

12.3. Келесі жағдайларда төлем карточкасын оқшаулауға:

12.3.1. төлем карточкасының жоғалуы, ұрлануы немесе рұқсат етілмеген пайдаланылуы туралы ТКҰ-ның хабарламасын алған жағдайда;

12.3.2. ТКҰ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда;

12.3.3. Төлем карточкасын пайдалану ережелері орындалмаған жағдайда

12.4. Келесі жағдайларда төлем карточкасын алуға:

12.4.1. ТКҰ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда;

12.4.2. Осы Шарт бұзылған жағдайда;

12.5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте төлем карточкасы бойынша жасалған/жасалынатын карточкалық операцияларды тоқтатуға және/немесе жүргізуден бас тартуға;

12.6. ҚР заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес және форма бойынша жасалған Банктің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың ТКҰ-ға ұсынған төлем құжаттарының негізінде ақшаны алуға (есептен шығаруға). «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ артық аударылған ақшаны қайтару туралы талап ұсынған

жағдайда, Банк ТКҰ-ның қосымша келісімінсіз тиісті ақша сомасын есептен шығарады, ТКҰ осы арқылы өз келісімін береді.

12.7. Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы уәкілетті мемлекеттік органның шешімі Банкке келіп түскен жағдайда Шот бойынша операцияларды тоқтатуға.

12.8. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңында белгіленген жағдайларда осы Шартты орындаудан бас тартуға. Банк Өтініште көрсетілген ТКҰ-ның (электрондық, пошталық) мекенжайы бойынша шешім қабылданған күннен бастап 3(үш) жұмыс күннің ішінде осы Шартты (толық) орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электронды түрде немесе пошта бойынша (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұл кезде Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

12.9. Осындай өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ақпаратты Банктің www.jysanbank.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы және Клиент көрсеткен электронды пошта мекенжайына жолдау арқылы, сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарында және филиалдардың қосымша орынжайларында көрінетін жерде ақпаратты орналастыру арқылы осы Шартқа және/немесе Тарифтерге және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге.

12.10. Шартқа және/немесе Тарифтерге және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарлаған кезден бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде Клиенттің Шартқа және/немесе Тарифтерге және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды қабылдамауы туралы өтінішті Банкке ұсынбауы Шартқа және/немесе Тарифтерге және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарлау мерзімінің аяқталу күнінен бастап күшіне енетін жаңа Тарифтермен, Шартқа және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелеріне енгізілген өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келісетінін білдіреді.

12.11. Осы Шартты бұзу кезінде ТКҰ төлем карточкасы бойынша жылдық қызмет көрсету үшін төлеген сомасын қайтармауға;

12.12. Қызмет көрсету сапасын қадағалау үшін ТКҰ Банкке және/немесе Филиалға/Қосымша орынжайға хабарласқан кезде ТКҰ-мен телефон арқылы тілдесулерді жазып алуға, сондай-ақ жазбаны осындай хабарласу фактісін растау ретінде пайдалануға.

12.13. ТКҰ ұсынған ақпаратын тексеруге. ТКҰ-дан ақпараттар мен құжаттарды, соның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының талаптарын орындау үшін Банктің қажеттілерін Банк белгілеген мерзімде сұратуға және алуға құқылы, бұндай кезде ТКҰ осындай ақпараттар мен құжаттардың дұрыс болуына жауап береді.

12.14. Рұқсат етілмеген операциялардың (операциялар түрлері және олардың қызмет көрсету аймағы бойынша да) алдын алу мақсатында осы Шартқа және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес карточкалық операцияларды жүргізуге біржақты тәртіпте лимиттер мен шектеулер белгілеуге/өзгертуге/қайта қалпына келтіруге.

12.15. ТКҰ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына/тиісті түрде орындамауына байланысты ТКҰ-ның қосымша келісімін алмастан Банк талап ету құқығының күшін растайтын барлық құжаттар мен ақпараттарды ұсыну арқылы осы Шарт бойынша берешекті талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға тапсыруға, үшінші тұлғаларға ТКҰ-ның осы Шарт бойынша овердрафты өндіріп алуды тапсыруға және оларға Банк тапсырмасын орындау үшін қажетті ақпаратты және құжаттаманы ұсынуға.

12.16. Шот/төлем карточкасы бойынша ақшаны есепке алу /алу операцияларын жүргізбеуге, егер:

12.16.1. олар ҚР заңнамасына қарама-қайшы болса;

- 12.16.2. карточкалық операцияның шығыс сомасы Шоттағы ақша қалдығынан асатын болса;
- 12.16.3. Банк немесе ТКҰ карточкалық операцияларды жүргізуге лимиттер және шектеулер белгілесе;
- 12.16.4. төлем карточкасы оқшауланған/алынған немесе оның әрекет ету мерзімі өткен болса;
- 12.16.5. төлем және ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін деректемелер қате көрсетілсе /толық көрсетілмесе;
- 12.16.6. карточкалық операция рұқсат етілмеген болса.
- 12.17. Даулы жағдай орын алған кезде аталған жайт реттелгенге дейін төлем карточкасын оқшаулауға.
- 12.17.-1. Клиент қолма-қол ақшасыз шығыс операциясынан бас тартқан кезде, ББШ-тан есептелген бонус сомасын алып қою қажет. Клиент бонустарды пайдалана отырып жүзеге асырылған сатып алуды жойған/қайтарған кезде ББШ-та пайдаланылған бонустардың сомасын жою/қайтару сомасы мөлшерінде қайтаруға (қалпына келтіруге) құқылы. Клиент ішінара бонустарды пайдалана отырып және шоттан алынған үстеме алумен жүзеге асырылған сатып алудың күшін жойған/қайтарған жағдайда, бірінші кезекте және толық көлемде ББШ-та пайдаланылған бонустардың сомасын, қалған қалдықты – Шотқа қайтару (қалпына келтіру).
- 12.17.-2. Клиенттің Шоттарының ең болмағанда бірінде оқшаулаулар (тыйым салу, инкассо, тапсырыстың төлем талаптары және т.б.) болған кезде, ББШ-тан бонустарды пайдалануға тыйым салу. Клиент бонустарды пайдалана отырып жүзеге асырылған сатып алудың күшін жойған/қайтарған жағдайда, оқшауланған шот (тыйым салу, инкассо, тапсырыстың төлем талаптары және т. б.) сәтінде ББШ-та пайдаланылған бонустардың сомасын қалпына келтіруге тыйым салу.
- 12.18. Төлем карточкасының әрекет ету мерзімі аяқталған, төлем карточкасын қайта шығару шарттарын орындамаған жағдайда, сондай-ақ ТКҰ-ның Банк алдындағы овердрафты және/немесе басқа берешегі болмаған жағдайда осы Шартты бұзуға, төлем карточкасын алуға және Шотты жабуға.
- 12.19. Шоттаны ақшаны алуға (сома жеткіліксіз болған кезде ТКҰ-ның кез келген банктік шоттарынан алуға):
- 12.19.1. карточкалық операциялар сомасын;
- 12.19.2. Тарифтерге сәйкес есептелген комиссияларды;
- 12.19.3. Шотқа қателікпен есепке алынған/ТКҰ сұрау салған және Банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген үстеме сомаларды Банкоматты пайдалану арқылы алынған (соның ішінде өзге валютадағы);
- 12.19.4. Шот бойынша берешекті;
- 12.19.5. төлем карточкасының/оның деректемелерінің заңсыз пайдалануының алдын алу бойынша Банк жүргізген шығыстарды;
- 12.19.6. ТКҰ-ға ХТЖ клиенттеріне қолдау көрсету қызметі ұсынған қызметтерінің құнын;
- 12.19.7. ТКҰ-ның қателіктеріне байланысты Банкке келтірілген нақты шығыстар сомаларын;
- 12.19.8. ТКҰ-ның Банк алдындағы басқа берешек түрлерін.
- 12.20. ТКҰ-ны сәйкестендіру мақсатында оның фотосуретін (оны Өтініш беру кезінде алып, Банктің деректер қорына орналастырған жағдайда), ТКҰ-ның биометриялық деректерін, жеке тұлғасын куәландыратын құжатты және басқа да сәйкестендіру құжаттарын пайдалануға.
- 12.21. ТКҰ-ға Банк қарастырған байланыс арналары арқылы (соның ішінде SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар түрінде) жарнамалық және/немесе ақпараттық (соның ішінде рұқсат етілмеген карточкалық операциялардың алдын алу, ТКҰ-ға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру мақсатында) хабарламалар жолдауға. Бұндай хабарламаларды беру үшін ТКҰ-дан төлем алынбайды.
- 12.22. жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы ұтыс ойындар, акциялар өткізу үшін ТКҰ-ның келісімі бойынша оны тартуға құқылы. Бұл кезде ТКҰ Банкке ол туралы ақпаратты, соның ішінде тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде), ұтыс немесе сыйлық мөлшерін, сомасын бұқаралық ақпарат құралдарына, жарнамалық, ақпараттық материалдарда жария етуіне, сондай-

ақ Банктің жарнамалық және ақпараттық қызметіне тікелей немесе жанама түрде байланысы бар басқа да іс-шараларды өткізуіне келісімін береді.

12.23. Банк сыйақысын Шотқа есепке алу үшін аударылған ақшадан ұстап қалуға (егер ол Банк Тарифіне сәйкес алуға болатын болса).

13. Банк міндеттенеді

13.1. Тарифтерде, осы Шартта және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған шарттарда ҚР заңнамасына сәйкес Карточка/Шот бойынша қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.

13.2. Операцияның ҚР заңнамасына және Банктің талаптарына сәйкес келуі шартында ТКҰ-ның Шот бойынша тапсырмасын орындауға, соның ішінде:

13.2.1. Шотқа қолма-қол ақшамен және/немесе қолма-қол ақшасыз түрде ақшаны есепке алуға;

13.2.2. ТКҰ-ның айырбастау бойынша операцияларды жүргізу туралы тапсырмаларын орындауға.

13.3. ТКҰ-ның сұрау салуы бойынша жазбаша сұрау салуды алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде ТКҰ-ға Тарифтерге сәйкес ол қызметтерге төлем жүргізген шартында қосымша үзінді көшірмелер ұсынуға.

13.4. Осы Шарт талаптарының және/немесе Тарифтердің және/немесе Төлем карточкасын пайдалану ережелерінің өзгеруі туралы www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-ресурсында орналастыру арқылы және ТКҰ көрсеткен электронды пошта мекенжайына жолдау арқылы, сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарындағы және олардың қосымша орынжайларындағы қол жетімді жерлерінде ақпаратты орналастыру арқылы бұндай өзгертулердің және/немесе толықтырулардың қолданысқа енгізілгенге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ТКҰ-ға хабарлауға.

13.5. Осы Шарт тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Шоттағы ТКҰ-ның ақшасын ТКҰ-дан түскен жазбаша нұсқауға сәйкес ТКҰ-ның басқа банктік шотына аударуға.

13.6. ТКҰ-ның өтінішін ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде қарауға және жауап дайындауға.

13.7. Уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімді және (немесе) өкімді, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актіні қайтарып алғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» заңдарында анықталған тәртіпте Шот бойынша операцияларды жаңғыртуға міндеттенеді. ТКҰ-ның Шотындағы ақшаға салынған тыйым, ТКҰ-ның ақшасына тыйым салу құқығы бар тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы ол бұрын қабылдаған актіні жою туралы тиісті жазбаша хабарламасы негізінде немесе Банк Шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйымды орындау ретінде ұсынған инкассолық өкімді орындағаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында қарастырылған жағдайларда алынады.

13.8. Үшінші тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік органдардың лауазымдық тұлғалары және (немесе) Қазақстан Республикасының жеке сот орындаушылары ұсынған төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде орындауға.

13.9. ТКҰ-ның талабымен Шот бойынша үзінді көшірмені ұсыну арқылы ТКҰ-ға жүргізілген операциялар туралы ақпарат беруге.

13.10. Есепке алынатын ақша сомасы жәрдемақымен және әлеуметтік төлемдермен байланысты болмаған жағдайда банктік шотқа ақшаның (мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке алуға арналған) есепке алынуын қарастыратын төлем құжатын орындаудан бас тартуға.

13.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, ТКҰ-ның келісімінсіз ТКҰ-ның Шоты бойынша банктік құпиялыққа кепілдік беруге, Шоттың бар-жоғы, иесі, нөмірі және жағдайы және ол бойынша операциялар, Шоттағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер бермеуге.

13.12. Осы Шартта қарастырылған тәртіпте төлем карточкасының қолданыс мерзімінің аяқталуы туралы оның аяқталу күніне дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиентке хабарлауға.

14. Тараптардың жауапкершілігі, жауапкершіліктен босату негіздері

14.1. Тараптардың әрқайсысы ҚР заңнамасына және Шартқа сәйкес осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді бұзғаны үшін басқа Тараптың алдында жауапкершілікте болады.

14.2. Банктің кінәсінен болмаған, соның ішінде егер осындай орындау басқа банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кінәсі бойынша кешігуі, сондай-ақ ТКҰ-ның төлем деректемелерінде жіберген қателіктері нәтижесінен болған ТКҰ тапсырмаларын орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

14.3. Банк Клиенттің дұрыс көрсетілмеген деректемелерімен төлем құжатын, соның ішінде егер төлем құжатындағы қателікті Клиент жіберген жағдайда, қателікпен орындалған төлем құжатын орындағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

14.4. Банк Клиенттің осы Шартта қарастырылған міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісті түрде орындамауы нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілікте болмайды;

14.5. Банк Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру және/немесе Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиент Шотынан оның келісімінсіз ақшаны алуы (есептен шығаруы) нәтижесінде Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілікте болмайды.

14.6. Үшінші тұлғалардың тапсырмалары (инкассолық өкімдер, төлем тапсырмалары) бойынша Шоттардан ақшаның алынуы үшін бұндай тапсырмалардың жіберушілері (өндіріп алушылар) жауапкершілікте болады.

14.7. ТКҰ Шот бойынша нұсқауларды орындамағаны, ТКҰ төлем құжатын орындамағаны; төлем талабы бойынша төлемді жүзеге асыру үшін Банкте жеткілікті ақша сомасы болған кезде Шотқа ұсынылған төлем талабын орындамағаны үшін Банк жауапкершілікте болмайды. Банк, ТКҰ-ның жазбаша талабы бойынша оған ТКҰ Шотына тұрақсыздық сомасын есепке алу арқылы мерзімі кешіктірілген әр күн үшін 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз мөлшерінде, бірақ орындалмаған операция сомасынан 10% артық емес тұрақсыздық төлемін төлейді.

14.8. Банк сенім білдірілген тұлғаларды белгілеу туралы сенімхаттың жасандылығынан ТКҰ шегуі мүмкін қандай да бір залал үшін жауапкершілікте болмайды, сондай-ақ ТКҰ-мен Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалар өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы ТКҰ-ға хабарламаған/уақытылы хабарламаған жағдайда, ТКҰ-мен Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалардың әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.

14.9. ТКҰ осы Шарттың талаптарын орындамағаны, Шот бойынша овердрафтқа жол бергені үшін толық көлемде жауапкершілікте болады.

14.10. Осы Шартты бұзу кезінде Банктің жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекеттерімен/әрекетсіздігімен ТКҰ-ға келтірілген нақты залал (құжаттамалық расталған) мөлшерімен шектеледі.

14.11. ТКҰ төлем құжаттарында деректемелердің дұрыс көрсетілмеуіне байланысты тәуекелдік пен жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

14.12. ТКҰ операциялық күн аяқталғаннан кейін Банкке тапсырмалар берумен байланысты, соның ішінде салықты және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеу бойынша тәуекелдік пен жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

14.13. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің жағдайында және/немесе Тарапқа/Тараптарға Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға және/немесе тиісті түрде орындауға мүмкін болмауды туындататын уәкілетті мемлекеттік органдардың шектеу-тыйым салу сипатындағы актілерді/шараларды қабылдауы жағдайында, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының сөнуі, байланыс желілерінің зақымдануы және Тараптардың еркінен тыс және Тарапқа/Тараптарға осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткен басқа жағдайларда осы Шартты орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады.

14.14. ТКҰ жоғарыда аталған жағдайлардан басқа, сондай-ақ келесі жағдайлар үшін Банк жауапкершілікте болмайтынымен келіседі:

14.14.1. үшінші тарап (ел, басқа банк, ССК, ҚБП) төлем карточкасына қызмет көрсетуден бас тартуы үшін;

14.14.2. төлем карточкасын пайдалану арқылы сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасы үшін;

14.14.3. үшінші тұлғалармен белгіленген (Тарифтерде көрсетілмеген) ТКҰ-ның мүддесіне тиюі мүмкін ТКҰ-ның мекендеу елінің төлем карточкасы бойынша валюталық шектеулері, лимиттері, шектеулері және қосымша сыйақылары үшін;

14.14.4. егер төлем карточкасы туралы мәліметтер (соның ішінде оның деректемелері, ДСН, құпия сөз) үшінші тұлғаларға Банктің кінәсіз мәлім болудан туындаған кез келген салдар үшін;

14.14.5. ХТЖ және карточкалық операцияны жүргізу орны арасында байланыстың болмауы үшін, оның салдарынан карточкалық операцияны жүргізуге сұрау салу Банкке келіп түспейді;

14.14.6. ТКҰ-ға байланыс арналары, соның ішінде SMS, Push мәтіндік хабарламасы, электронды пошта, факс, телефон және т.б. бойынша жіберілетін мәліметтердің құпиялылығы үшін;

14.14.7. ССК, ҚБП-нің Банктен авторизация туралы жауапты алмағаны үшін;

14.14.8. ТКҰ жоғалған немесе ұрланған төлем карточкасын уақытылы оқшауламау, сондай-ақ Шотқа рұқсат етілмеген қол жеткізу үшін;

14.14.9. ТКҰ төлем карточкаларының деректемелерін (соның ішінде ДСН, құпия сөзді) үшінші тұлғаларға табыстаумен ТКҰ-ға келтірілген залал үшін;

14.14.10. егер банктік құпияны жария ету ТКҰ-ның ҚР заңнамасының, осы Шарттың талаптарын орындамау және/немесе тиісті орындамау салдарынан болған жағдайлардағы кез келген салдар үшін;

14.14.11. төлем жүйелерінің, электронды құрылғылардың, Банкоматтардың істен шығуы, олардың нәтижесінде ССК, ҚБП немесе Банкомат жүргізетін авторизациялық сұрау салуды Банк алмаған және/немесе Банк жіберген авторизациялық жауапты ССК, ҚБП немесе Банкомат алмаған үшін;

14.14.12. ТКҰ SMS-хабарламаны/басқа хабарламаны алмау жағдайында немесе ұсынылатын мәліметтер үшінші тұлғаларға қолжетімді болған жағдайда туындауы мүмкін залал үшін;

14.15. ТКҰ пошталық және/немесе телефонмен тапсырыс беру арқылы Интернет арқылы тауарлар және/немесе қызметтерге төлеу үшін төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдаланумен жүргізілген рұқсат етілмеген карточкалық операциялар, чекте/слипте ДСН-ді теру және/немесе карточка ұстаушысының расталған қолы арқылы жүргізілген операциялар бойынша Банк жауапкершілікте болмайтынымен келіседі.

14.16. ТКҰ осы Шарттың 11.10-тармағында қарастырылған тәртіпте рұқсат етілмеген операция туралы Банкке уақытылы хабарласа және рұқсат етілмеген операцияны жүзеге асырған жағдайда, Банк ТКҰ-ға аталған операцияны орындаумен байланысты залалды өтейді.

14.17. Карточка ұстаушысы:

14.17.1. ТКҰ-дан немесе ХТЖ-ден алған төлем карточкасын оқшаулау туралы талаптың негізінде Банктің төлем карточкасын оқшаулауына дейін төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдалануымен операция (соның ішінде рұқсат етілмеген) жүргізу нәтижесінде келтірілген залал үшін;

14.17.2. жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланған төлем карточкасын оқшаулау туралы Банкке уақытылы хабарламау нәтижесінде туындаған салдар үшін толық көлемде Банкке келтірілген залал үшін;

14.17.3. Шотқа қателікпен есепке алынған және ТКҰ-мен жұмсалған ақшаны Банкке қайтармауына байланысты Банкке келтірілген залал үшін;

14.17.4. ТКҰ-ның жазбаша немесе ауызша (телефон арқылы) сұрау салуы негізінде Банк төлем карточкасын пайдалану бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастаған/өзгерткен/қалпына келтірілген төлем карточкасын пайдалануға (операция түрлері және қызмет көрсету аймақтары бойынша да) байланысты туындаған салдар үшін;

14.17.5. төлем карточкасын ішінара оқшаулау салдарынан төлем карточкасын пайдалану арқылы операцияларды жүргізу нәтижесінде келтірілген залал, сондай-ақ төлем карточкасын ішінара оқшаулаудың барлық салдары үшін жауапкершілікте болады. Төлем карточкасын ішінара оқшаулау деп ТКҰ-ның жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланған төлем карточкасын Тоқтам-параққа енгізуден бас тартуы түсініледі.

14.8. ТКҰ 9.1 және/немесе 9.2-тармақтарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда, осыған байланысты осы төлем карточкалары бойынша рұқсат етілмеген карточкалық операциялар туындаған кезде, егер олар Банктің меншік қаражаты есебінен жүргізілген болса, операцияны жүргізу үшін комиссияларды қоса карточкалық операциялар бойынша барлық шығындар Банк Тарифтеріне сәйкес ТКҰ-ның өтеуіне жатады.

15. Күпиялылық

15.1. Тараптардың Шартта қарастырылған жағдайлардың басқасынан осы Шарт және Өтініш шеңберінде алған кез келген ақпаратты жария етуге немесе пайдалануға құқығы жоқ.

15.2. ТКҰ Өтінішке қол қою арқылы осы Шарттың негізінде Банкпен шарттар/келісімдер жасасқан немесе үшінші тұлғаларға қызмет (консультативтік, заң, аудиторлық және басқа қызметтерді) көрсету үшін Банкпен, Банк акционерлерімен және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен жалданған немесе жалданатын үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған күпиялық негізде және тәртіпте ТКҰ-ның қандай да бір қосымша келісімінсіз ТКҰ және осы Шарттың талаптары туралы мәліметтер мен ақпараттарды, сондай-ақ ТКҰ-ға және/немесе Шартқа қатысы бар басқа ақпаратты, соның ішінде банктік күпияны, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа күпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға жазбаша келісімін беретіндігін және Банкке уәкілеттік беретіндігін растайды. Бұл кезде осы ақпарат және мәліметтер Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктік үлестес тұлғаларына қызметтерді тиісті көрсету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Банктің өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті көлемде аталған үшінші тұлғаларға ұсынылады (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органдарына, сондай-ақ бұндай ақпаратты/мәліметтерді беру қажеттілігі/міндеті пайда болған/болған басқа жағдайларда есептерді/есептемелерді/ақпаратты ұсыну).

16. Шарттың қолданыс мерзімі және оны бұзу шарттары

16.1. Осы Шарт Банк және ТКҰ арасындағы Өтінішке қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және төлем карточкасының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді.

16.2. Осы Шарттың әрекет етуі Шартта және ҚР заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте, соның ішінде Клиенттің осы Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелері (олар болған кезде осы Шарттың тоқтатылуына жол берілген жағдайларды қоспағанда) және ҚР заңнамасы бойынша осы Шартты тоқтатуға жол берілмейтін негіздер болмаған кезде Клиенттің жазбаша өтініші негізінде оның бастамасы бойынша тоқтатылады.

16.3. ТКҰ осы Шарттың 11.7-тармағында қарастырылған міндеттемелерді орындамаған кезде, Банк қайтарылмаған төлем карточкаларын/Шоттарды оқшаулайды және ТКҰ-дан Тарифтерге сәйкес төлем карточкасын оқшаулау үшін сыйақы өндіріп алады.

16.4. Төлем карточкасын қайта шығару кезінде осы Шарт төлем карточкасын қайта шығару күніне әрекет ететін редакцияда және Шартта қарастырылған талаптарда жаңа төлем карточкасының қолданыс мерзіміне ұзартылады. ТКҰ төлем карточкасын қайта шығару үшін комиссияны және қызмет көрсетудің кезекті жылы үшін комиссияны Банктің бұндай комиссияларды есепке алу күніне қолданылатын Тарифтерге сәйкес төлейді. Төлем карточкасының қолданыс мерзімі аяқталған, сондай-ақ ТКҰ-ның Банк алдында берешегі болмаған жағдайда, ҚР заңнамасында басқасы қарастырылмаса, осы Шарт өз әрекетін тоқтатады, Шот жабылады.

16.5. Банк Клиентке осы Шартты тоқтатудың болжалған күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын хабарлап, Шарттың орындалуынан бас тартуға құқылы. Бұл кезде Банк төлем карточкаларының қайта шығарылуын жүзеге асырмайды және төлем карточкалары Банкпен көрсетілген осы Шартты тоқтату күні алынады. Бұл кезде Банк төлем карточкасын және/немесе шотты оқшаулауға және ТКҰ-ға осы Шартты тоқтату туралы тиісті хабарлама жіберген күннен бастап Шоттар бойынша ақшаны есепке алу/есептен шығару операцияларын жүргізбеуге құқылы. ТКҰ бар берешекті Банктің осы Шартты тоқтату туралы хабарламасында көрсетілген күннен кешіктірмей өтеуге міндеттенеді. Егер ТКҰ Шарттың осы тармағында қарастырылған міндеттерді орындамаса, осы Шарт ТКҰ-ның осы Шарт бойынша өз міндеттерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде әрекет етеді. Берешек болған жағдайда, ТКҰ (сондай-ақ ҚТКҰ – осы Шартта белгіленген жағдайларда) бар берешекті өтеуге міндеттенеді. ҚТҰ өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, осы Шарт ТКҰ-ның осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде әрекет етеді.

16.6. Осы Шарт ТКҰ-ның бастамасы бойынша Осы Шарт бойынша Банк алдында берешегі болмаған кезде және ол туралы Банкке осы Шартты тоқтатудың болжалған күніне дейін 15 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде хабарлаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Осындай жағдайда ТКҰ көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін осы Шарт шеңберінде шығарылған төлем карточкасын/төлем карточкаларын Банкке қайтарады және Банк Шотты жабады. Егер ТКҰ белгіленген мерзімде төлем карточкасын/төлем карточкаларын қайтармаса, Банк төлем карточкасын/төлем карточкаларын оқшауландырады. Төлем карточкасын/төлем карточкаларын оқшаулау ТКҰ-ны төлем карточкасын/төлем карточкаларын қайтару бойынша міндеттерден босатпайды. Егер ТКҰ Шарттың осы тармағында қарастырылған міндеттерді орындамаса, осы Шарт ол осы Шарт бойынша өз міндеттерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде әрекет етеді. ТКҰ-ның Шарттың осы тармағында белгіленген Шартты тоқтату тәртібін сақтамаумен төлем карточкасын/төлем карточкаларын пайдалануды тоқтату осы Шартты тоқтатуға және төлем карточкасын/төлем карточкаларын алуға әкеп соқтырмайды. Бұл кезде Шотқа орындалмаған талаптар немесе мүлікке иелік етуге уақытша шектеу туралы алынбаған актілер және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымдық тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ ТКҰ Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілері бар болған кезде ТКҰ-ның Шотын жабуға жол берілмейді.

16.7. Егер төлем карточкасының қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін немесе төлем карточкасы Банкке қайтарылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе оның жоғалуы/ұрлануы туралы өтініш берілген күннен кейін Банк ХТЖ-дан төлеуге тиісті төлем

құжаттарын алған болса, Банк карточкалық операцияларды ТКҰ ақшасының есебінен немесе ТКҰ-мен өтелуге тиісті меншік қаражатының есебінен төлейді.

16.8. Төлем карточкасы алынған жағдайда (егер осы Шартқа сәйкес басқа төлем карточкалары шығарылмаса), осы Шарт ТКҰ-ның осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін тиісті бөлімде әрекет етеді.

16.9. Осы Шартты бұзу кезінде Шоттағы меншікті ақша қалдығы ТКҰ-ға немесе оның уәкілетті тұлғасына қолма-қол ақшамен беріледі немесе Карточка ұстаушысынан келіп түскен жазбаша нұсқауға сәйкес банктік шотқа аударылады.

16.10. ТКҰ өзі туралы Банкке хабарлаған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады. Банк ТКҰ-ның дұрыс емес мәліметтерді хабарлағанына байланысты туындаған залал үшін жауапкершілікте болмайды.

17. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Осы Шартты орындау барысында туындайтын барлық келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

17.2. Тараптар дауларды шешу кезінде машиналық ақпарат тасымалдаушысындағы операциялар туралы деректерді дәлел ретінде тануға келіседі.

17.3. Банктің ТКҰ мен бенефициар арасындағы барлық дауларға қатысы жоқ.

17.4. Осы Шартпен байланысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар талапкердің/арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес, ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік соттарға бағынысты емес және осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуы тиіс дауларды қоспағанда, Төрелік сотқа талап/өтініш беру күніндегі редакциядағы осы Төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы Төрелік сотында» қарастырылуы тиіс.

18. Басқа шарттар

18.1. Осы арқылы ТКҰ Банкке ТКҰ-ның ауызша өтініш білдіру кезінде Тараптар арасындағы телефон арқылы сөйлесуді жазып алуға рұқсат етеді. Сондай-ақ Тараптар Банк пен Карточка ұстаушысының арасындағы телефон арқылы сөйлесуді жазып алу ТКҰ-ның төлем карточкасын оқшаулау/оқшаулаудан шығару, төлем карточкасы бойынша шектеулерді және/немесе лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру туралы талаппен, сондай-ақ Шот жағдайы туралы ақпаратты алу кезінде Банкке ауызша өтініш білдіру фактісінің растамасы болып табылады. ТКҰ Шарттың осы тармағында көрсетілген, Банк басқа тәсілмен алған (Банк қарастырған) талаптары, сондай-ақ Карточка ұстаушысының Банкке өтініш білдіруінің фактісін растайтын құжаттар болып табылады.

18.2. Осы арқылы ТКҰ төмендегілерді растайды:

18.2.1. осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын операцияларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін операцияларды (рұқсат етілмегендер болып табылады) жүргізуге өкілеттіктерінің барын;

18.2.2. төлем құжаттарының, солардың негізінде операциялар жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының төлем құжаттарын ресімдеуге белгіленген талаптарына сәйкес ресімделгенін/жасалғанын.

18.3. ТКҰ осы Шарт бойынша жүзеге асырылған операциялардың дұрыстығын анықтайды және рұқсат етілмеген операцияны орындаған жағдайда, бұл жөнінде Банкке осы Шарттың 11.12-тармағында белгіленген мерзімде хабарлайды.

18.4. Банк ТКҰ-дан рұқсат етілмеген операция туралы хабарлама алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей бенефициарға немесе бенефициардың банкіне рұқсат етілмеген операция бойынша ақшаны қайтару туралы хабарлама жібереді.

18.5. Рұқсат етілмеген операциялар бойынша ақшаны қайтару бенефициардың банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте жүзеге асырады.

18.6. Тараптар үзінді көшірменің карточкалық операцияларды жүргізудің жеткілікті дәлелі болып табылатындығын мойындайды.

18.7. Жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша ТКҰ-ның кінәрат-талабы негізді болып танылған жағдайда, Банк тиісті карточкалық операцияның күшін жою/карточкалық операцияның сомасын қайтару мүмкін болса, оның күшін жояды және қайтарылуын жүзеге асырады, бұндай кезде басқа банктермен және ХТЖ арбитражымен даулы карточкалық операция толық реттелгеннен кейін, ақша ТКҰ-ның Шотына қалпына келтірілуі тиіс.

18.8. Жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша ТКҰ-ның кінәрат-талабы негізсіз болып танылған жағдайда, ХТЖ Арбитражында ХТЖ арқылы даулы операцияны даулау құны, сондай-ақ растаушы құжаттарының ұсынылған көшірмелерінің құны Тарифтерге сәйкес ТКҰ-ның Шотынан алынатын болады.

18.9. ТКҰ-ның өтінішін қарастыру мерзімі, соның ішінде төлем карточкасын пайдаланумен байланысты даулы жағдайлар туындаған кезде, жазбаша өтініш келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын, сондай-ақ Карточканы ҚР тыс жерлерде пайдаланған жағдайда жазбаша өтініш келіп түскен күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімді құрайды. Карточка ұстаушысына өтініштерді қарау нәтижелері туралы, соның ішінде жазбаша түрде (Карточка ұстаушысының талабы бойынша) ақпарат жіберіледі. ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, қарастыру мерзімі мен тәртібі ҚР заңнамасына сәйкес анықталады.

18.10. ТКҰ-ның жазбаша өтінішін қарау және жазбаша өтінішіне жазбаша жауап дайындау мерзімі ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде жүргізіледі.

18.11. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес ТКҰ Банкке оның дербес деректерін қоса алғанда ол туралы ақпаратты, соның ішінде биометриялық, электронды, қағаз бетіндегі және кез келген өзге тасымалдаушыдағы мәліметтерді, сондай-ақ Банкпен кез келген, соның ішінде болашақтағы, банктік және/немесе өзге қызмет көрсетуді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей, құқықтық қатынастардың туындауына байланысты болашақта оларда болатын өзгертулер мен толықтыруларды Банктің жинауына, өңдеуіне, таратуына, сақтауына сөзсіз келісімін береді.

18.12. Шот/төлем карточкасы бойынша операцияларды жүргізу тәртібі ҚР заңнамасына, ХТЖ ережелеріне және/немесе Банктің ішкі құжаттарына өзгертулер енгізу кезінде өзгеруі мүмкін.

18.13. Барлық даулар бойынша ТКҰ Банкке жазбаша сұрау салумен өтініш білдіреді.

18.14. Осы Шартта қарастырылмаған жағдайларда Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

18.15. Осы Шартты орындау шеңберінде Банктің ТКҰ-ға жіберетін ТКҰ/ҚТКҰ хабарламалары (хаттар, талаптар, сұрау салулар, хабарламалар және т.б.) Банктің қалауы бойынша келесі тәсілдердің бірімен: факспен/электрондық поштамен/ SMS/Push-хабарламалар арқылы/поштамен/ Банктің Интернет-ресурсында орналастыру арқылы жіберілген болса, тиісті түрде жіберілген және ТКҰ/ҚТКҰ оларды алған деп саналады.

18.16. Банктің ТКҰ-ға пошта байланысы арқылы жіберген хабарламалары (хаттар, хабарламалар және т.б.) жіберілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн өткеннен кейін ТКҰ оларды алды деп саналады.

18.17. Осымен ТКҰ Банкке өзінің қайтарымсыз келісімін береді:

18.17.1. Банктің ол туралы кредиттік бюроға мәліметтер беруіне, сондай-ақ кредиттік бюроның ол туралы Банкке кредиттік есеп беруіне;

18.17.2. Банктің «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-тан ТКҰ туралы ақпаратты алуға;

18.17.3. Банкпен айырбастау күніне белгіленген валютаны сату бағамы бойынша Шотты АҚШ долларында және еуроға толықтыру кезінде теңгедегі айырбастауға;

18.17.4. осы Шартқа сәйкес ақшаны алуға;

18.17.5. осы Шарт бойынша ТКҰ-ның барлық банктік шоттарынан комиссиялар, тұрақсыздық төлемдер, шығындар мен шығыстардың сомаларын қоса алғанда, барлық берешектер сомасын, сондай-ақ Шотқа қателікпен есепке алынған/ТКҰ қателікпен алған сомаларды Банктің алуына;

18.18. Өтініштегі ТКҰ қолы ТКҰ-ның төмендегілерін куәландырады:

18.18.1. Карточка ұстаушысы Шарттың талаптарын толық көлемде, қандай да бір ескертпесіз және қарсылықсыз алғанын, оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын, осы Шарттың және Өтініштің талаптарын уақытылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін;

18.18.2. оларды орындауды бұзудан, және/немесе тиісті түрде орындамаудан туындауы мүмкін жағымсыз салдарды түсінетінін және қабылдайтынын;

18.19. ТКҰ осы Шартқа қосылу арқылы Шотқа/төлем карточкасына қызмет көрсету талаптарын қабылдайды және осы Шарттың талаптары толық көлемде оның мүддесіне сәйкес келетінін, сондай-ақ ол үшін кез келген ауыртпалық шарттарды қамтымайтынын растайды. Осы Шартқа қосылып, ТКҰ Тарифтермен танысқанын және олардың мөлшерімен, өзгерту және қолдану тәртібімен келісетінін растайды.

18.20. Егер осы Шарттың қандай да бір талабы заңсыз немесе жарамсыз болып қалған жағдайда, ол басқа ережелердің жарамдылығына және заңдылығына ешқандай әсер етпейді.

18.21. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндерінде қарама-қайшылық туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

18.22. Осы Шартта қарастырылмаған барлық қалған жағдайларда, Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.